

Аудан көлеміндегі орманда, суармалы жерлерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімиятының 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 57/1 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 17 мамырда N 2456 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 07 тамыздағы N 182/8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009.08.07 N 182/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, аудан көлемінің орманында, суармалы жерлерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі аудандық шұғыл штабы құрылып, құрамы заңнамаға сәйкес аудандық мәслихаттың сессиясына ұсынылсын.

2. Ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі аудандық шұғыл штабының Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудан селолық округтерінің әкімдері:

1) жергілікті жерлерде, үлкен ауқымды табиғи өртті өшіруді ұйымдастыру үшін штабтар құрсын;

2) Өрт қауіпсіздігінің қаупі жоғарлаған кезде Ертіс өзені арқылы орманға кіруге, көлік өткізуге, өз актілері бойынша шектеу қойсын.

4. Аудандық жер ресурстарының комитеті келісім бойынша оперативтік штабқа, жер пайдаланушылардың телім шекарасын көрсеткендегі жөнінде қажетті картографиялық материалдар берсін.

5. Аудандық денсаулық сақтау бөлімі үй және созылмалы табиғи өртке жұмылдырылған күшке медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

6. Ауданның өртке қарсы бөлімі және ауданның ішкі істер бөлімімен бірге келісім бойынша өртке қарсы тексеру жұмыстары жүргізіп, табиғи өртті өшіруге арналған сабақтар өткізсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Әлжановқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мүбәраков

Келісілді:

Май аудандық №27 өрт сөндіру
бөлімшесінің бастығы
Смагулов Марат Мұқышұлы

9 сәуір 2004 жыл

Май аудандық ішкі істер
бөлімінің бастығы
Дүйсекенов Бүркіт Жұмашұлы

9 сәуір 2004 жыл

Май ауданы жер ресурстарын
басқару жөніндегі
комитетінің төрайымы
Тайшыбаева Еңлік Ұзаққызы

12 сәуір 2004 жыл

Май аудан әкімдігінің
2004 жылғы 13 сәуірдегі
"Аудан көлеміндегі орманда,
суармалы жерлерде өрт
қауіпсіздігін қамтамасыз ету
туралы" №57/1 қаулысымен

бекітілген

Ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі аудандық шұғыл штабының құрамы ЕРЕЖЕСІ

1. Негізгі ережелер

1. Ірі ауқымды табиғи өрттерді болдырмау және жоюға байланысты шаралар ұйымдастыру жөніндегі аудандық шұғыл штаб өрттің ауқымына, ұйымның материалды-техникалық қорларының жұмылдырылуына қарай, меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіру кезіндегі әр түрлі ведомстволардың іс-қимылдарын үйлестіруді жүзеге асыратын консультативтік-кеңестік орган болып табылады.

2. Шұғыл штаб өз жұмысында басшылыққа табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болдырмау және жою мәселелеріндегі қоғамдық қатынастарды, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайларды жою мәселелері жөніндегі халықаралық қатынастарды реттеуіне Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, аудан әкімінің және облыс әкімінің актілерін, сол сияқты осы Ережені қолданады.

2. Шұғыл штабының жұмыс тәртібі

3. Қалыптасқан жағдайға байланысты шұғыл штабы келесі тәртіптерде жұмыс істейді:

- 1) күнделікті қызмет (күту тәртібі);
- 2) жоғары даярлық;
- 3) төтенше даярлық.

4. Төтенше дайындық тәртібі кіргізілген кезде күш пен құралдарды маршқа келтіру үшін рұқсат етілген уақыт:

- 1) шұғыл әрекет жасаушы отрядтар үшін екі сағаттан;
- 2) өрт сөндіру және медицина тәртіптер үшін төрт сағаттан;
- 3) басқа барлық жағдайлар үшін алты сағаттан аспауға тиіс.

5. Қызмет етудің осы не басқадай тәртібін енгізу туралы шешімді штабтың аға шұғыл жұмыс жөніндегі бастығы енгізеді.

6. Күнделікті жұмыс тәртібінде шұғыл штабтың барлық қызметтері мен олардың қарамағындағы күштер мен жабдықтар әдеттегі жағдайда жұмыс істейді және өздерінің негізгі қызметтерін орындайды.

7. Жоғары даярлық жағдайында шұғыл штабтың барлық қызметтері ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге жіберуге арналған қарамағындағы күштер мен жабдықтарды толық дайындық жағдайына келтіреді де, ары қарай әдеттегі жағдайда өзінің негізгі қызметтерін орындап, жұмысын жүргізе береді. Жоғары даярлық жағдайы гидрометеорталықтың ұзақ құрғақшылық мезгілдің басталуы туралы хабарлары келіп түскенде немесе басқа жағдайларда шұғыл штаб бастығының өкімі бойынша енгізіледі.

8. Төтенше даярлық жағдайында шұғыл штабының қызметінен басқалардың сол сияқты олардың қарамағындағы жабдықтар табиғи өрттерді жоюға жіберу үшін толық даярлыққа келтіріледі және шұғыл штабының өкімі бойынша өздерінің тұрақты аумағында немесе басқа орындарда тұрады. Төтенше даярлық жағдайын табиғи өрттердің пайда болған кезінде немесе басқа жағдайларда шұғыл штабының бастығы енгізеді.

9. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың таралу ауқымы мен зоналары келесі кестеде көрсетілген.

Табиғи сипаттағы	Өрт ауданы	Зардап шеккен адамдар саны	Тікелей материалдық шығын көлемі			

төтенше жағдайлар	Тоғайлық шалғындық, га	Қырлық, га	(ең аз көрсеткіш есебімен, мың теңге)	Дәнді дақылдар, га	Қаза болғандар немесе жаралылар	Өмір сүру жағдайының бұзылуы
1	2	3	4	5	6	7
Объектілік	5д ейін	20 дейін	5 дейін	10 дейін	100-ден 200-ге дейін	5000 таяу
Жергіліктік	5-тен 50-ге дейін	20-дан 200-ге дейін	5-тен 50-ге дейін	10-нан 50-ге дейін	300-ден 500-ге дейін	5000-нан 500000-ға дейін

10. Объектілік ауқымдағы төтенше жағдайларды жоюды басқару тоғайлық, жер, шабындық қорларды иеленуші барлық меншік түрлеріндегі шаруашылық басшыларына жүктеледі. өрттерді жою үшін кәсіпорындардың, ұйымдардың күштері мен жабдықтары пайдаланылады.

11. Объективтік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою басшылығы ауданның өрт сөндіру штабтарына жүктеледі. өртті жою үшін тоғайлық, жер, шабындық қорларды иеленушілердің күштері мен құрал-жабдықтары пайдаланылады.

12. Төтенше жағдайларды жою басшылығы шұғыл штабқа жүктеледі. Өрт сөндіру үшін тоғайлық, жер, шабындық қорларын иеленушілердің күштері мен құрал-жабдықтары, сол сияқты ауылдық аумақтардағы ірі табиғи өрттерді сөндіруге арналған күштер мен құрал-жабдықтарды тарту арқылы өрт сөндірудің қауырт жоспарына сәйкес әр түрлі меншік түріндегі кәсіпорындардың күштері мен құрал-жабдықтары пайдаланылады.

3. Шұғыл штабтың қызметтерінің негізгі функциялары

13. Аудан аумағында ірі ауқымды табиғи өрттерді жою жөнінде тиімді шараларды және осыған тартылатын күштер мен құралдардың үнемі дайын болуын қамтамасыз ету.

14. Тоғайлық, қырлық, су жағасындағы өрттерінің алдын алу жөніндегі жоспарын әзірлеп оны жүзеге асыру.

15. Ірі ауқымды табиғи өрттен сақтандыру мәселесінде Шұғыл штабқа енбейтін ұйымдар мен кәсіпорындардың жұмыстарын үйлестіру.

16. Қазақстан Республикасының қолданысты заңнамасына сәйкес ірі ауқымды табиғи өртті жою үшін пайдаланылатын күш пен құралдардың жоспарына енбеген ұйымдар мен кәсіпорындардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдыру (меншік нысаны мен ведомстволық иелігіне қарамастан)

17. Ірі ауқымды табиғи өрт фактісі бойынша тексерулер мен сараптамалар жүргізілуін ұйымдастыру.

18. Ірі ауқымды табиғи өртті жойғаннан кейін қоршаған ортаны, азаматтар мен ұйымдардың шаруашылық істерін, қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру.

4. Шұғыл штабтың қызметі және оның негізгі міндеттері

19. Аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі бөлім:

1) шұғыл штабқа кіретін барлық қызметтердің өзара іс-қимыл жасауы туралы нақты нұсқаулықтар әзірлейді;

2) шұғыл штабқа кіретін қызметтердің жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады;

3) төтенше жағдайларды жою, ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіру кезінде күштер мен құрал-жабдықтарды материалдық-техникалық күштермен қамтамасыз ету үшін жергілікті атқару органдарға өз резервтерінен құрал-жабдықтар бөлу туралы ұсыныс жасайды;

4) қажетті кезде жоспардағыдан ортақ, кәсіпорындар мен ұйымдардың ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге арналған күштері мен құрал-жабдықтарын қосымша тарту туралы шұғыл штабтың қарауына ұсыныс жасайды;

5) гидрометеорологиялық мәліметтері негізінде құрғақшылық мезгілдің басталуы туралы ескерту жасайды;

6) жергілікті атқарушы органдардың қарауына ірі табиғи өрттерді жою үшін қаржылық және материалдық резервтер құру туралы ұсыныс жасайды;

7) орындамағаны үшін жауапкершілікке тартуды ұйымдар қимылдарының міндетті ережелерін (меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан) аудан әкімдігінің қарауына енгізеді;

8) аудандық, объектілік кешенді командалық-штабтық үйретулер, тактикалық-арнайы, өрт-тактикалық үйретулер өткізуді ұйымдастырады;

9) ірі табиғи өрттерді сөндіру үшін күштер мен құрал-жабдықтары жұмылдыру жоспарын әзірлеуді, жоспардың деректеріне түзету енгізуді ұйымдастырады;

10) ірі табиғи өрттерді сөндірудің аудандық жоспарын әзірлеуге бақылау жасауды жүзеге асырады, жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың басшыларының ірі табиғи өрттерді сөндіру үшін күштер мен құрал-жабдықтарды жұмылдыру жоспарын орындау туралы есебін тыңдауды ұйымдастырады;

11) ірі табиғи өрттерді сөндіру үшін белгілі мемлекеттердің, көрші аудандардың күштері мен құрал-жабдықтарын жұмылдыру тәртібін белгілейді;

12) орман шаруашылығы кәсіпорындарының, аумағында ірі ауқымды табиғи өрт шұғыл мүмкін елді мекендердің өрттік-техникалық зерттеулерін өткізеді;

13) өртке қарсы тәртіпті қамтамасыз етуді тексеру барысында анықталған

ауытқушылықтар мен кемшіліктерді жою зерттеулерін өткізеді;

14) ірі табиғи өрттерді сөндіру үшін ведомстволық бағыныштылығына қарамастан барлық меншік түріндегі кәсіпорындардың күштері мен құрал-жабдықтарын жұмылдыру жоспарын әзірлейді және аудан әкімінің қ а р а у ы н а ұ с ы н а д ы ;

15) жыл сайын ірі табиғи өрттерді сөндіру үшін күштер мен құрал-жабдықтарды жоспарына түзету енгізеді.

20. Аудандық аға орманшысы (келісім бойынша):
ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге а с ы р у .

21. Аудандық ішкі істер бөлімі (келісім бойынша):

1) ірі ауқымды табиғи өрттердің қауіп туындаған кезде қоғамдық тәртіпті қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) ірі ауқымды табиғи өрттер аймағына өтуге шектеу алады;

3) қажет кезінде рұқсат тәртібін енгізеді;

4) көліктердің колонналарын ірі табиғи өрт орындарына алып баруды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

5) ірі ауқымды табиғи өрт аймақтарындағы шығындар мен тұрғындардың көшірілуінің есебін жүргізеді;

6) тұрғындардың қоныс аударуын ұйымдастырады.

22. Аудандық телекоммуникация дирекциясы (келісім бойынша):

1) ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруді басқаратын органды қолда бар барлық арналарды пайдаланып (меншік нысанына қарамастан) байланыспен қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) қажеттілігінде байланыс құралдарын жөндеуден өткізуді қамтамасыз етеді, сол сияқты байланыс желілеріндегі бүлінгендерді қалпына келтіру жұмыстарын ж ү р г і з е д і .

23. Аудандық электр жүйесі акционерлік қоғамы (келісім бойынша) ірі ауқымды табиғи өрт сөндіру кезінде үзіліссіз электр қуатын беріп тұруды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

24. Аудандық "Қазақавтожол" бөлімшесі келісім бойынша ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін көліктік құралдар бөлу жөніндегі жұмыстарды ү й л е с т і р е д і :

1) ірі ауқымды табиғи өрттердің сөндіру үшін күштер мен құрал-жабдықтарды жұмылдыру жоспарларында қаралған инженерлік және басқа арнайы техниканың дұрыс жағдайда ұсталуын және пайдалануға үнемі әзірлігін бақылауды жүзеге асырады;

2) техника бөлуші кәсіпорындарда қосалқы бөлшектердің, жанар-жағар материалдардың резервтік қосалқы қорларын құруды қамтамасыз етеді;

3) ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіру ауқымында дала жағдайында техникаға қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастырады.

25. Коммуналды шаруашылық, көлік және коммуникация бөлімі:

1) ірі ауқымды табиғи өрттерді жою кезінде күштер мен жабдықтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың орындалуын жүзеге асырады ;

2) ірі ауқымды табиғи өрттерді жою үшін жұмылдырылған күштер мен құрал-жабдықтарды азық-түлікпен сауда және тамақтандыру қызметтері арқылы қамтамасыз етуді ұйымдастыруға ықпал етеді;

3) ірі ауқымды табиғи өрттерді жою уақытында тамақ өнімдерінің қажеттілігінің мөлшерін алдын-ала анықтайды;

4) жылжымалы пункттерді құруды, ыстық тамақ және ауыз сумен қамтамасыз етеді ;

5) өз құзырының негізінде ірі табиғи өрттерді сөндіруге қатысатын күштер мен құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік, ведомстволық және объектілік, материалдық-техникалық резервтер құруды ұйымдастырады және бақылайды ;

6) қосымша көздерден түсетін материалдық-техникалық қорлардың пайдаланылуының тәртібін белгілейді.

26. Аудандық денсаулық сақтау бөлімі ірі табиғи өрттерді жою үшін жұмылдырылған күштер мен құрал-жабдықтарды бағынышты ведомстволық ұйымдары арқылы медициналық қамтамасыздандыруды ұйымдастырады.

27. Аудандық жер қорларын басқару жөніндегі комитет (келісім бойынша) өз құзырының шегінде жер пайдаланудың табиғатты қорғау тәртібін бұзушыларға тексеру жүргізеді және шаралар қолданады.

28. Аудандық ауыл шаруашылық басқармасы:

егіндік, шабындық жерлерді қорғауға мекемелердің дайындығына, олардың материалдық-техникалық базасына қаржы бөлуіне бақылауды жүзеге асырады.

5. Шұғыл штаб мүшелерінің негізгі қызметтері

29. Аудан әкімінің орынбасары (шұғыл штабтың аға оперативтік бастығы) аудан аумағында ірі табиғи өрттің басталғаны туралы хабар алғаннан соң:

1) шұғыл штабты белгілейді, өрт сөндіруді ұйымдастыру басқаруды жүзеге асырады, шұғыл штабтың аға оперативтік бастығының орынбасарына (төтенше жағдай жөніндегі бас маман) шұғыл штабты жинауға өкім етеді;

2) шұғыл штабтың шұғыл мәжілісін өткізеді;

3) ірі табиғи өртті сөндірудің басшысын, өрт орнында жергілікті шұғыл штабтың лауазымды тұлғаларын тағайындайды;

4) ірі табиғи өрттерді сөндіру үшін жұмылдырылатын күштер мен жабдықтардың қажетті көлемін белгілейді;

5) ірі табиғи өрттерді сөндіру үшін күштер мен жабдықтар бөлетін нақты ұйымдар мен кәсіпорындардың тізімін белгілейді;

6) ірі табиғи өрттерді сөндіру барысында жеке бақылауды жүзеге асырады.

30. Төтенше жағдай жөніндегі бас маман (шұғыл штабтың аға оперативтік бастығының орынбасары) аудан аумағында өрт басталғаны туралы хабар а л ы с ы м е н :

1) жағдайдың қалыптасуына байланысты ауданның азаматтық қорғаныс күштері мен құрал-жабдықтарын толық әзірлікке келтіруге өкім береді;

2) шұғыл штабтың аға оперативтік бастығының шешімдерінің орындалуын ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

3) ірі табиғи өрттерді сөндіру барысын бақылауды жүзеге асырады;

4) ірі табиғи өрттер туралы толық ақпарат жинақтауды жүзеге асырады;

5) шұғыл штабтың аға оперативтік бастығына ақпарат беріп тұрады;

6) ірі табиғи өрттерді сөндіруді жақсартуға бағытталған ұсыныстарды шұғыл ш т а б қ а ұ с ы н а д ы ;

7) шұғыл штабқа ірі табиғи өрттердің зардаптардың талқылау нәтижелері жөнінде шаралар үшін ұсыныстар енгізеді.

31. Ауданның мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бастығы (шұғыл штабтың мүшесі) аудан аумағында ірі ауқымды табиғи өрттің басталуы туралы хабар а л ы с ы м е н :

1) қызметкерлерді өрт орнына жібереді;

2) қажет кезінде ауданның өртке қарсы қызметінің гарнизоны қызмет етудің жақсартылған варианттарына ауыстыру үшін бұйрық береді және резервтік өрт техникасын әскери әскерлікке енгізеді;

3) шұғыл штабтың өкімі бойынша ірі ауқымды табиғи өрт орнына көрсетілген шамадағы күштер мен құрал-жабдықтарды жібереді;

4) ауданның өртке қарсы қызметтің оперативтік кезекшісі арқылы ауданның оперативтік өрт сөндіру жоспары бойынша ірі ауқымды табиғи өртті сөндіру үшін ұйымдар мен кәсіпорындардың күштері мен жабдықтарын көтеруді, жі б е р у д і і с к е а с ы р а д ы ;

5) шұғыл штабтың нұсқауы бойынша ірі ауқымды табиғи өртті сөндіруді басқаруды жүзеге асырады, ол жойылғаннан кейін өрт сөндірудің нәтижесіне талқылау жасайды, талқылау нәтижесі туралы шұғыл штабқа анықтама д а й ы н д а й д ы .

32. Аудандық аға орманшысы (келісім бойынша):

1) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге а с ы р у .

2) шұғыл штабқа ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін жұмылдырған күштер мен табиғаттардың қажетті шамасы туралы ұсыныс берді;

3) ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге басшылыққа тағайындалған жағдайда, басқа ұйымдардың қызметкерлері өздерінің іс қимылдарын сонымен келісіп жасайды.

33. Аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін материалдық-техникалық қорларды жұмылдыруға ықпал етеді.

34. Аудандық телекоммуникация дирекциясының директоры (келісім бойынша шұғыл штабтың ірі ауқымды табиғи өртті орындарымен үздіксіз байланысын қамтамасыз етеді.

35. Аудандық коммуналды шаруашылық, көлік және коммуникация бөлімінің бастығы (келісім бойынша):

1) ірі ауқымды табиғи өрт орындарына күштер мен жабдықтар жеткізу үшін кәсіпорындардың автобустар бөлуін ұйымдастырады;

2) шұғыл штабтың талап етуі бойынша зардап шеккендерді медицина мекемелеріне жеткізу үшін автобустар бөледі;

3) шұғыл штабтың талап етуі бойынша ірі ауқымды табиғи өрт сөндіру орнына жанар-жағар материалдарды жеткізуді қамтамасыз етеді.

36. Ауданның экономика бөлімінің бастығы: шұғыл штабтың талап етуімен ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге жұмылдырылған ұйымдарды азық-түлікпен қамтамасыз етеді, тамақтандыру пункттерін ұйымдастырады.

37. Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің бастығы: шұғыл штабтың талап етуі бойынша ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіру орнында медициналық қызметтерді қамтамасыз етеді.

38. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы (келісім бойынша):

1) өрт аймағындағы қоғамдық тәртіпті;

2) өрт аймағына бөгде адамдардың өтуін шектеуді;

3) өрт орнына бағыт алған техника колонналарын алып баруды;

4) шұғыл штабтың талабы бойынша жеке құрам бөлуді;

5) елді мекендердің қоныс аударуы кезінде азаматтардың тұрғын үйлерімен, өндіріс ғимараттарын күзетуді, тонаушылықты болдырмауды және коменданттық қызмет атқаруды жүзеге асырады.

39. Аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі:

шұғыл штабтың талабы бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіру үшін жұмылдырған күштер мен жабдықтардың шын мәніндегі шығындарының анықталуының дұрыстығына тексеру жүргізеді.

6. Шұғыл штабтың құқықтары

40. Ірі ауқымды табиғи өртті сөндіру және тұрғындарды қорғауды ұйымдастыру жөніндегі шұғыл шараларды қамтамасыз ету үшін өз құзырлығының шегінде шешім қабылдау.

41. Шұғыл штабтың құзырына жататын мәселелермен жұмыс істеу үшін кәсіпорындар мен ұйымдардан материалдар сұрату.

42. Барлық меншік түріндегі ұйымдардың кәсіпорындардың табиғи өртке жол бермеу және оны сөндіруді ұйымдастыруға бағытталған жоспарды орындау жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру.

43. Ірі ауқымды табиғи өрттерді сөндіруге бұрын келісілген және бекітілген жоспарға енбеген кәсіпорындар мен ұйымдардың күштері мен құралдарын сәйкес мекемелермен келісім бойынша жұмылдыру.